

"Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 5 сәуірдегі № 207 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы № 1034 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 40, 444-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесінде:

"Сүт қоректілер класы Mammalia Класс – Млекопитающие" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 128-2, 128-3 және 128-4-жолдармен толықтырылсын:

"

128-2	Жолбарыс	Panthera tigris Linnaeus	Тигр
128-3	Оңтүстік-Батыс Азия қабыланы	Panthera pardus saxicolor	Переднеазиатский леопард
128-4	Керқұлан	Equus przewalskii Poljakov	Лошадь Пржевальского

"

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин